

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 қарашадағы № 1517 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Премьер-Министрі*  
Жоба

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*С. Ахметов*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 15-16, 211-құжат; 1998 ж., № 16, 219-құжат; № 17-18, 225-құжат; 1999 ж., № 20, 721-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 10, 106-құжат; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 15, 137-құжат; № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 21-22, 87-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 72-құжат; № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 4, 33-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 71, 73, 75-құжаттар; № 17, 82, 83-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 11, 59-құжат; № 15, 71-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар; № 19, 145-құжат; № 20, 158-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13-құжат; № 3, 26, 27-құжаттар; № 4, 30-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар, № 12, 84-құжат):

1) 40-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жазалаудың негізгі түрі ретінде тағайындалған айыппұлды төлеуден жалтарған жағдайда, ол осы Кодекстің 42, 43-баптарында көзделген қағидалар сақтала отырып, айлық есептік көрсеткіштің үш еселенген мөлшеріне сәйкес келетін айыппұл сомасының орнына тиісінше бір ай түзеу жұмыстарына немесе сексен сағат қоғамдық жұмыстарға тарту есебімен қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тартумен а у ы с т ы р ы л а д ы . » ;

2) 136-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«136-бап. Балаларын немесе еңбекке жарамсыз ата-анасын асырауға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау

1. Ата-ананың кәмелетке толмаған балаларын, сол сияқты он сегіз жасқа толған еңбекке жарамсыз балаларын асырауға арналған қаражатты сот шешімі бойынша төлеу жөніндегі міндеттерін үш айдан астам орындамауы - бір жүз жиырма сағаттан бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Кәмелетке толған еңбекке жарамды адамның өзінің еңбекке жарамсыз ата-анасын асырауға арналған қаражатты сот шешімі бойынша төлеуден үш айдан астам жалтаруы -

бір жүз жиырма сағаттан бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

3) 140-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«140-бап. Еңбекке жарамсыз жұбайын (зайыбын) асыраудан жалтару

Еңбекке жарамды адамның еңбекке жарамсыз және материалдық көмекке мұқтаж жұбайын (зайыбын) асырауға арналған қаражатты сот шешімі бойынша төлеуден алты айдан астам жалтаруы, мұны дәл осындай әрекет жасағаны үшін бір жыл ішінде әкімшілік жаза қолданылған адам жасағанда, -

бір жүз жиырма сағаттан бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.»;

4) 357-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:  
«2. Соттың үкімі немесе қаулысы бойынша тәркілеуге жататын мүлікті жасырып қалу немесе иемденіп кету, сол сияқты мүлікке тәркілеу тағайындау туралы соттың заңды күшіне енген үкімін немесе қаулысын орындаудан өзге де жалтару -

бір жүз сексен сағаттан екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салына отырып, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

5) 362-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«362-бап. Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге сот

актісін және атқарушылық құжатты орындамау

1. Заңды күшіне енген сот үкімін, сот шешімін немесе өзге сот актісін және атқарушылық құжатты алты айдан астам орындамау, сол сияқты олардың орындалуына кедергі жасау, мұны дәл осындай әрекет жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылған адам ж а с а ғ а н д а -

бір жүз сексен сағаттан екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не төрт жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Билік өкілі, мемлекеттік қызметші, жергілікті өзін-өзі басқару органының қызметшісі, сол сияқты мемлекеттік мекеменің, коммерциялық немесе өзге де ұйымның қызметшісі жасаған дәл сол әрекеттер -

бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға не бір жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не үш жылдан бес жылға дейін бас бостандығынан айыруға ж а з а л а н а д ы .

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, қылмыс жасалған сәтте өндіріп алу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген он мың айлық есептік көрсеткіштен асатын әрекеттер, сол сияқты олардың орындалуына кедергі ж а с а у -

төрт жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың сот белгілеген әкімшілік қадағалау қағидаларын бұзуы, сол сияқты қадағалаудағы адамның тұрғылықты жерінен өз бетімен кетіп қалуы немесе бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаннан кейін таңдап алған тұрғылықты жеріне демалыс және мереке күндерін есептемегенде 5 тәулік ішінде әкімшілік қадағалаудан жалтару ма қ с а т ы м е н б а р м а у ы -

бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға ж а з а л а н а д ы . » .

2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1997 ж., № 23, 335-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139-құжат; № 24, 153, 154, 156-құжаттар; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 21-22, 87-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 12, 72-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 15-16, 62, 63-құжаттар; № 23, 114-құжат; 2009 ж.,

№ 6-7, 32-құжат; № 15-16, 71, 73-құжаттар; № 17, 81, 83-құжаттар; № 23, 113, 115-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 11, 59-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар; № 19, 145-құжат; № 20, 158-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 30-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 44 - құжат ;                №                                14 ,                                93 - құжат ) :

1) 169-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Азаматтық талап қою толық немесе ішінара қанағаттандырылған жағдайларда сот азаматтық талап қою бөлігінде үкімді ерікті түрде орындау үшін мерзім белгілейді және үкімде көрсетеді. Азаматтық талап қою бөлігінде сот үкімі ерікті түрде орындау үшін берілген мерзімде орындалмаған жағдайда, сот азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен үкімді азаматтық талап қою бөлігінде мәжбүрлеп орындау үшін жібереді. Мәжбүрлеп орындау атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамада                белгіленген                тәртіппен                жүргізіледі.»;

2) 192-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 96 - 103-баптарында, 107-бабында (екінші бөлігінде), 112, 113, 114-баптарында, 116-бабында (үшінші және төртінші бөліктерінде), 117-бабында (үшінші және төртінші бөліктерінде), 120 - 122, 124, 125-баптарында, 126-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 127-бабында, 128-бабында (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 131-бабында, 132-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 132-1, 133, 138-баптарында, 141-бабында (екінші бөлігінде), 142-бабында (екінші бөлігінде), 143-бабында, 145-бабында (үшінші бөлігінде), 146 - 153, 155, 174-баптарында, 175-бабында (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 178-бабында (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 179-бабында, 181-бабында (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 183-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 183-1-бабында, 185-бабында (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 186-бабында (екінші бөлігінде), 187-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 227-1, 229-баптарында, 230-бабында (екінші бөлігінде), 234, 237, 241, 242, 245, 245-1, 246, 246-1-баптарында, 251-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 252-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 254-бабында (екінші бөлігінде), 255-бабында (бірінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 257-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 259-бабында (1-1, екінші, 2-1, үшінші және төртінші бөліктерінде), 260-бабында, 261-бабында (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 263-бабында (үшінші және төртінші бөліктерінде), 264, 267 - 269-баптарында, 271-бабында (екінші бөлігінде), 273-1-бабында, 275-бабында (екінші бөлігінде), 275-1-бабында (екінші бөлігінде), 277 - 286-баптарында, 287-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 288-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 289-бабында, 292-бабында (екінші бөлігінде), 294, 295-баптарында, 298-бабында (үшінші

және төртінші бөліктерінде), 299-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 300-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 301-бабында, 302-бабында (екінші бөлігінде), 303 - 305, 319, 319-1-баптарында, 320-бабында (екінші бөлігінде) 321 - 322-баптарында, 327-бабында (үшінші бөлігінде), 330-2-бабында (екінші бөлігінде), 335 - 338, 340-баптарында, 358-бабында (екінші бөлігінде), 360-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 361-бабында, 362-бабында (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 367-бабында (төртінші бөлігінде), 368-бабында (екінші бөлігінде), 369-бабында (екінші бөлігінде), 370-бабында (үшінші бөлігінде), 373-бабында (екінші бөлігінде), 374-бабында (екінші бөлігінде), 377-бабында (екінші бөлігінде), 381-бабында (екінші бөлігінде), 382-бабында (бірінші бөлігінде), 390-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 391-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 392, 393-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша, сондай-ақ осы Кодекстің 177-бабының екінші бөлігінің 2-тармағында көзделген тәртіппен қозғалған қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді ішкі істер органдарының тергеушілері жүргізеді. » ;

3) 285-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ішкі істер органдары анықтауды Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 104, 107 (бірінші бөлігінде), 108, 109, 110, 115, 116 (бірінші және екінші бөліктерінде), 117 (бірінші және екінші бөліктерінде), 118, 119, 123, 126 (бірінші бөлігінде), 128 (бірінші бөлігінде), 132 (бірінші бөлігінде), 134 - 137, 139, 140, 141 (бірінші бөлігінде), 142 (бірінші бөлігінде), 144, 145 (бірінші және екінші бөліктерінде), 175 (бірінші бөлігінде), 178 (бірінші бөлігінде), 181 (бірінші бөлігінде), 183 (бірінші бөлігінде), 185 (бірінші бөлігінде), 186 (бірінші бөлігінде), 187 (бірінші бөлігінде), 230 (бірінші бөлігінде), 251 (бірінші және төртінші бөліктерінде), 252 (бірінші және төртінші бөліктерінде), 253, 254 (бірінші бөлігінде), 257 (бірінші бөлігінде), 258, 261 (бірінші бөлігінде), 262, 263 (бірінші және екінші бөліктерінде), 265, 266, 270, 271 (бірінші бөлігінде), 272 - 274, 275 (бірінші бөлігінде), 275-1 (бірінші бөлігінде), 276, 287 (бірінші бөлігінде) 288 (бірінші бөлігінде), 290, 291, 292 (бірінші бөлігінде), 293, 296, 297, 298 (бірінші және екінші бөліктерінде), 299 (бірінші бөлігінде), 300 (бірінші бөлігінде), 302 (бірінші бөлігінде), 317, 320 (бірінші бөлігінде), 323, 324, 326, 327 (бірінші және екінші бөліктерінде), 328, 329, 330-1, 330-2, 330-3, 332 - 334, 339 (бірінші бөлігінде), 342, 358 (бірінші бөлігінде), 359, 360 (бірінші бөлігінде), 362 (төртінші бөлігінде) баптарында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша жүргізеді.»

3. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 24, 337-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; № 8, 189-құжат; № 18, 339-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 23-24, 192-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139, 142-құжаттар; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-

құжат; № 17, 140-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 15-16, 73-құжат; № 24, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 2, 19-құжат; № 5 , 3 5 - қ ұ ж а т ) :

23-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Айыппұл төлеуден әдейі жалтарып жүрген сотталғандарға қатысты сот орындаушысы сотқа айыппұлды Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 40-бабының төртінші бөлігіне сәйкес жазаның басқа түрімен алмастыру туралы ұсыныс ж і б е р е д і . » .

4. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 18, 644-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 21-22, 281-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 10, 49-құжат; № 14, 109-құжат; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 5, 25-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 140-құжат; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; № 24 , 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 15-16, 62-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 127, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 3-4, 12-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 17-18, 111-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 151-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 28-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 23, 179-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 14, 93-құжат):

240-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Іс бойынша шешімге қаулы қабылдаған немесе бұйрық шығарған сот, сондай-ақ өрт қаулысын орындау орны бойынша сот өндіріп алушысы мемлекет болып табылатын атқарушылық іс жүргізу бойынша мемлекеттік сот орындаушысының қолдаухаты бойынша және атқарушылық іс жүргізудегі тараптардың өтініші бойынша атқарушылық әрекет жасауды қиындататын немесе мүмкін емес ететін мән-жайлар болған кезде оны орындау тәсілін немесе тәртібін өзгертуі мүмкін.

Сот атқарушылық іс жүргізу тараптарының өтініші бойынша сот қаулысын орындаудың мерзімін ұзарта алады немесе кейінге қалдыра алады, сондай-ақ бітімгершілік келісімді бекіте алады.».

5. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8,

19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 17, 136-құжат; № 19, 145-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11, 13, 14, 16-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 26, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84, 85-құжаттар; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 93, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат):

1) 79-6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«79-6-бап. Еңбекке жарамсыз жұбайын (зайыбын) асыраудан жалтару

Еңбекке жарамды адамның еңбекке жарамсыз және материалдық көмекке мұқтаж жұбайын (зайыбын) асырауға сот шешімі бойынша қаражат төлеуден үш айдан астам  
ж а л т а р у ы

айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не отыз тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.»;

2 ) 5 2 2 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«ескерту жасауға немесе лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәуліктен он тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.»;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде , лауазымды адамдарға жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәуліктен он тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.»;

3) 524-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«524-бап. Сот актілерін және атқарушылық құжаттарды орындамау

Сот актілерін және атқарушылық құжаттарды орындамау - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға - жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәуліктен он тәулікке дейін әкімшілік қамауға, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

4) 526, 527 және 528-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«526-бап. Атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылатын адамның жұмыс орны мен тұрғылықты жерінің ауысқаны туралы сот орындаушысына хабарламау

Егер ұйымның атқарушылық құжат бойынша ұстап қалуды жүргізетін лауазымды адамына оның жаңа жұмыс орны мен тұрғылықты жері белгілі болса, оның сот орындаушысына және ұстап қалу бойынша төлемдерді алатын адамға бір ай мерзімде дәлелсіз себептер бойынша бұл туралы хабарламауы, - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

527-бап. Атқарушылық құжатты жоғалтқаны үшін жауапкершілік

Лауазымды адамның, почта және курьерлік ұйым қызметкерінің атқару парағын немесе басқа да атқарушылық құжатты жоғалтуы, - айлық есептік көрсеткіштің оннан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

528-бап. Сот орындаушысына атқару құжаттарын орындауда к е д е р г і ж а с а у

Жеке тұлғалардың және ұйымдардың лауазымды адамдарының сот орындаушысының мүлікке өндіріп алуды қолдану бойынша іс-қимыл (тізімдеу, бағалау, тыйым салу, сауда-саттық өткізу) жасауына кедергі келтіруі немесе осыған байланысты оның талаптарын орындаудан бас тартуы, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі, лауазымды адамдарға жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәуліктен он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.»;

7) 541-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген әкімшілік соттардың судьялары осы баптың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 79-1, 79-3, 79-4, 79-5, 79-6, 80-84, 85 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 85-1 (екінші бөлігінде), 85-2 (екінші бөлігінде), 85-3, 86, 86-1, 87-2, 87-3, 87-4, 87-5, 95-110-1, 124 (бірінші бөлігінде), 127, 129, 130, 136 - 136-2, 140 (екінші бөлігінде), 141-1,



143, 143-1, 143-2, 144-1, 145, 146-1, 147, 147-1 (екінші бөлігінде), 147-10 (екінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші бөліктерінде), 147-11, 147-12, 151, 151-1, 153, 154, 154-1, 155, 155-1 (төртінші бөлігінде), 155-2, 156, 157, 157-1, 158, 158-3, 158-4, 158-5, 159, 161 (бірінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 162, 163 (үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші және тоғызыншы бөліктерінде), 163-2, 163-3, 163-4, 163-6, 165, 167-1 (екінші және үшінші бөліктерінде), 168-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 168-3, 168-4, 168-5, 175 (екінші бөлігінде) (жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, аудиторлар және аудиторлық ұйымдар жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 176 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 177-3, 177-4, 177-5, 179, 179-1, 183, 184, 184-1, 185, 187, 188 (екінші бөлігінде), 190, 192, 200, 202, 203, 208-1, 209, 213 (төртінші - алтыншы бөліктерінде), 214, 218-1 (жетінші бөлігінде), 222 - 226, 228 - 229, 230-1, 230-2, 231 (екінші бөлігінде), 232, 233, 234-1, 235 (екінші бөлігінде), 237, 237-1, 240-2, 246 (екінші бөлігінде), 275-1, 278 (бірінші бөлігінде), 283 (бірінші, үшінші бөліктерінде), 298 (екінші, үшінші бөліктерінде), 298-1 (екінші бөлігінде), 302 (үшінші бөлігінде), 303 (екінші бөлігінде), 304 (екінші бөлігінде), 305 (екінші бөлігінде), 306 (екінші бөлігінде), 306-1 (үшінші бөлігінде), 306-2, 306-3 (екінші және үшінші бөліктерінде), 308, 309-1 (жетінші, сегізінші бөліктерінде), 309-2 (төртінші бөлігінде), 309-4 (сегізінші, тоғызыншы бөліктерінде), 310-1 (екінші бөлігінде), 311-1 (жетінші бөлігінде), 312-1, 314, 315, 316, 317 (екінші және үшінші бөліктерінде), 317-1, 317-2, 318, 319, 319-1, 320 (бірінші және 1-1-бөліктерінде), 321, 322 (үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 323 (екінші бөлігінде), 324 (екінші және үшінші бөліктерінде), 324-1, 326, 327 (бірінші бөлігінде), 328, 330, 330-1 (екінші бөлігінде), 332 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 335, 336 (үшінші бөлігінде), 336-1 (үшінші бөлігінде), 336-2 (үшінші бөлігінде), 338 (бірінші бөлігінде), 338-1, 339, 340, 342 - 344, 346 - 357, 357-1, 357-2 (екінші бөлігінде), 357-3, 357-4, 357-5, 357-6, 359, 361, 362, 362-1, 363, 365, 366, 367, 368, 368-1, 369 (екінші бөлігінде), 370 (екінші бөлігінде), 371 (екінші бөлігінде), 372 - 376, 380 (екінші бөлігінде), 380-2, 381-1, 386 (үшінші бөлігінде), 388, 389-1, 390 (екінші бөлігінде), 391 (екінші бөлігінде), 391-1 (екінші және үшінші бөліктерінде), 393, 394 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 394-1, 396 (төртінші бөлігінде), 400-1, 400-2, 405 (бірінші бөлігінде), 409, 410, 413, 413-1, 413-2, 414, 415, 417, 417-1, 418, 421, 423, 424, 425-1, 426 - 430, 433, 442, 443 (бесінші бөлігінде), 445, 446 (екінші бөлігінде), 446-1, 453 (екінші бөлігінде), 454 (бірінші - үшінші бөліктерінде), 461 (3-1-бөлігінде), 463-3 (бесінші бөлігінде), 464-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 465 (екінші бөлігінде), 466 (екінші бөлігінде), 467, 468 (бірінші және екінші бөліктерінде), 468-1, 468-2, 469, 471 (1-1, 1-2 және екінші бөліктерінде), 473 (үшінші бөлігінде), 474-1, 477 (үшінші бөлігінде), 484, 492 (екінші бөлігінде), 494 (екінші бөлігінде), 494-1 (үшінші және бесінші бөліктерінде), 496 (екінші бөлігінде), 501, 512-1 — 512-5, 513 - 518, 520 - 524, 527 (екінші бөлігінде), 528 - 537-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді

қ а р а й д ы . » ;

8) мынадай мазмұндағы 551-2-баппен толықтырылсын:

«551-2-бап Сот актілерін орындау жөніндегі уәкілетті орган

1. Сот актілерін орындау жөніндегі уәкілетті орган осы Кодекстің 525 - 527-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар және әкімшілік жаза қолдану туралы көрсетілген істерді қарауды сот актілерін орындау жөніндегі уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары, сондай-ақ сот актілерін орындау жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің басшылары мен олардың орынбасарлары жүзеге асырады.»;

9) 630-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

« 1 . О с ы К о д е к с т і ң :

283 - 285, 287, 289, 297, 298, 298-1, 302 - 306, 447, 447-1, 447-2, 447-3, 447-4, 451, 453, 457, 460, 461 (екінші, үшінші және 3-1-бөліктерінде), 463 (екінші және үшінші бөліктерінде), 463-4 (үшінші, төртінші бөліктерінде), 467, 470 (бірінші, екінші, төртінші, бесінші бөліктерінде), 471 (екінші бөлігінде), 514 (461 - 471-баптарда көзделген құқық бұзушылықтар бөлігінде)-баптарында көрсетілген бұзушылықтар жасалған кезде, осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген уәкілетті лауазымды адам көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді уақытша сақтау үшін оларды арнаулы алаңдарға немесе тұрақтарға, оның ішінде басқа көлік құралын (эвакуаторды), шағын көлемді кемені пайдалана отырып жеткізу арқылы ұстау себептері жойылғанға дейін ұстауға, жеткізуге және пайдалануға тыйым салуға құқылы; 461 (бірінші, төртінші - сегізінші бөліктерінде), 463-4 (бірінші және екінші бөліктерінде), 468, 469-баптарында көрсетілген бұзушылықтар жасалған кезде, осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген уәкілетті лауазымды адам көлік құралын пайдалануға тыйым салу себептері жойылғанға дейін мемлекеттік тіркеу нөмірінің белгілерін алып қою арқылы көлік құралдарын пайдалануға тыйым салуға құқылы.

Көлік құралдарын арнаулы алаңдарда немесе тұрақтарда уақытша сақтау үшін жеткізу (эвакуациялау) көлік құралдарын жүргізушілер тоқтау немесе өздері сол жерде болмаған кезде тоқтап тұру ережелерін бұзған жағдайларда да, сондай-ақ жүргізушілердің қайда екенін анықтау мүмкін болмаса, олар жолда қараусыз қалдырған көлік құралдарына қолданылуы мүмкін.»;

1 0 ) 6 3 6 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

1) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«ішкі істер органдарының (79-1, 79-3, 79-4, 79-5, 79-6, 83-1, 85-3, 86, 86-1, 87-3, 87-4 , 87-5, 96, 111-117, 135-1, 136, 136-1, 136-2, 141-1, 143, 143-1, 147-1 (екінші бөлігі), 159, 162, 163 (үшінші және төртінші бөліктері), 163-2, 163-3, 163-4, 203, 234-1, 283 (бірінші және үшінші бөліктері), 298 (екінші және 2-1-бөліктері), 298-1 (екінші бөлігі), 306-2, 314, 317-1 (азаматтық және қызметтік қаруға және оның патрондарына, есірткі

құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалған бұйымдардың айналымына байланысты химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзу бойынша), 318 - 321, 324-1, 330, 330-1 (екінші бөлігі), 331, 332, 334 (үшінші бөлігі), 335, 336, 336-1 (үшінші бөлігі), 336-2 (үшінші бөлігі), 336-3 (екінші бөлігі), 336-4 (екінші бөлігі), 338 (бірінші бөлігі), 338-1 (бірінші, екінші, оныншы және он бірінші бөліктері), 339, 340, 341 (екінші бөлігі), 344, 354-1, 355 - 357, 362, 362-1, 363, 365, 366, 368, 368-1, 369 (екінші бөлігі), 370 (екінші бөлігі), 371 (екінші бөлігі), 372, 373, 374 (бірінші - төртінші бөліктері), 374-1, 380 (екінші бөлігі), 380-2, 388, 390 (екінші бөлігі), 391-1 (екінші және үшінші бөліктері), 394 (екінші, үшінші және төртінші бөліктері), 394-1, 396 (төртінші бөлігі), 446 (екінші бөлігі), 461(3-1-бөлігі), 463 (екінші, үшінші бөліктері), 463-3 (бесінші бөлігі), 464-1 (бірінші және екінші бөліктері), 465 (екінші бөлігі), 466 (екінші бөлігі), 467, 768 (бірінші және екінші бөліктері), 468-1, 468-2, 469, 471 (1-2 және екінші бөліктері), 473 (үшінші бөлігі), 474, 474-1, 475, 477 (үшінші бөлігі), 484, 500 (екінші бөлігі), 501, 514 (461 - 471-баптарда көзделген құқық бұзушылықтар бөлігінде), 518, 5 2 1 , 5 3 1 - б а п т а р ) ; » ;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мемлекеттік сот орындаушылары, сот приставтары және сот төрағасы немесе сот отырысында төрағалық етуші уәкілеттік берген соттардың басқа да қызметкерлері ( 5 1 3 - 5 2 4 , 5 2 8 - 5 3 1 - б а п т а р ) ; » ;

11) 637-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Прокурор осы Кодекстің 80 - 87, 89 - 110-1, 151, 158-5, 334-1, 342 - 344, 346 - 352, 353, 356-1, 356-2, 357-3, 366, 375, 381-1, 513, 516-1, 521-1, 527 (екінші бөлігінде), 531, 537-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қозғау т у р а л ы қ а у л ы ш ы ғ а р а д ы . » ;

12) 708-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Егер айыппұл салынған жеке тұлға жұмыс істемесе немесе айыппұлды жалақысынан немесе өзге табыстарынан өндіріп алу басқа себептер бойынша мүмкін болмаса, айыппұл салу туралы қаулыны, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы сот, қаулы шығарған уәкілетті орган заңнамада көзделген тәртіппен мәжбүрлеп орындату үшін сот орындаушысына жібереді.»;

13) 709-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Айыппұл салу туралы қаулыны сот, уәкілетті орган (лауазымды адам) заңды тұлғаның келісімінсіз оның банк шотынан, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында, Қазақстан Республикасының ақша төлемі мен аударымы және атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен ақша алу үшін сот о р ы н д а у ш ы с ы н а жібереді.»;

14) 709-1-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Айыппұл салу туралы қаулы сот орындаушыларына айыппұл салу туралы

қаулыны ерікті түрде орындау мерзімі өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде ж і б е р і л е д і .

Айыппұл салу туралы қаулы немесе айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама сот орындаушысына жіберілген кезде оған айыппұл сомасының мемлекет кірісіне түспегені туралы мәліметтер қоса беріледі. Егер әкімшілік жаза жеке тұлғаға қатысты қолданылған болса, қосымша зейнетақы жарналарының болуы туралы мәліметтер қоса б е р і л е д і . » .

6. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексіне:

169-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Кодекстің 139-бабына сәйкес кәмелетке толмаған балаларға төленетін алимент бойынша берешектің мөлшерін алимент төлеуге міндетті адамның алиментті өндіріп алу жүргізілмеген кезеңдегі жалақысы мен өзге де кірісін негізге ала отырып, сот орындаушысы айқындайды. Егер алимент төлеуге міндетті адам бұл кезеңде жұмыс істемесе немесе оның табысы мен өзге де кірісін растайтын құжаттар ұсынылмаса, алимент бойынша берешек сол берешекті өндіріп алу кезінде тұрған өңіріндегі (облыстағы, астанадағы немесе республикалық маңызы бар қаладағы) айлық жалақының орташа мөлшері негізге алына отырып айқындалады.».

7. «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 35-құжат; № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 1, 180-құжат; № 14, 274-құжат; 1997 ж., № 12, 183-құжат; 1998 ж., № 5-6, 50-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 63, 64-құжаттар; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 1-құжат; № 8, 52-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 18, 157-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж. № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2009 ж., № 24, 122, 125-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 13, 91-құжат):

11-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Заңды тұлғаны құрудың және қайта ұйымдастырудың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібін бұзу, құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес келмеуі, табыстау актісін немесе бөлу балансын ұсынбау не оларда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқықтық мирасқорлығы туралы ережелердің болмауы не бір айлық есептік көрсеткіштен артық салық берешегінің болуы, егер құрылтайшысы әрекетсіз заңды тұлға болып табылса және (немесе) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы және (немесе) басшысы әрекетсіз

занды тұлғалардың құрылтайшысы және (немесе) басшысы болып табылса және (немесе) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген және (немесе) хабар-ошарсыз кетті деп танылса және (немесе) қайтыс болды және (немесе) қылмыс жасағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 192, 216, 217-баптары бойынша сотталса және (немесе) жеке басын куәландыратын жоғалған бөтен құжаттар ұсынылса, сондай-ақ егер құрылтайшы (жеке тұлға және (немесе) заңды тұлға), заңды тұлғаның басшысы, заңды тұлға құрған заңды тұлғаның құрылтайшысы және (немесе) басшысы атқарушылық құжат бойынша борышкер болып табылса, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден және қайта тіркеуден бас тартуға әкеп соғады.».

8. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 17-18, 225-құжат; № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 20, 257-құжат; № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 12, 82-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154, 155-құжаттар; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2008 ж., № 15-16, 61-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 25-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат):

10-баптың 1-тармағының 11-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«11-1) сот орындаушыларына заңнамада көзделген тәртіппен атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға жәрдем көрсету.».

9. «Ақша төлемі және аударымы туралы» 1998 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 11-12, 177-құжат; № 24, 445-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат; № 10, 49, 51-құжаттар; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат, 2011 ж., № 13, 116-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 13, 91 - құжат) :

15-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«15-бап. Инкассалық өкім ұсынылған кезде пайдаланылатын құжаттар

Ақша жөнелтушінің келісімінсіз ақшаны алып қоюға инкассалық өкім атқарушылық құжаттардың негізінде ұсынылады.».

10. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7, 27-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 9 1 - қ ұ ж а т ) :

1 ) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) атқарушылық іс жүргізу - борышкерден атқарушылық санкциясын, атқарушылық іс жүргізу бойынша өсімпұлды және шығыстарды өндіріп ала отырып, атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату;»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) толық мәжбүрлеп орындау - атқарушылық құжат сот орындаушысының іс жүргізуінде болған кезеңде оны толық көлемде орындау;»;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) сот орындаушысының қаулысы - мәжбүрлеп атқарушылық іс жүргізу процесінде сот орындаушысы жасайтын іс жүргізу әрекеті тіркелетін іс жүргізу құжаты ; » ;

2) 6-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Заңсыз соттау, қылмыстық жауапкершілікке заңсыз тарту, бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз қамауға алуды, үйде қамауда ұстауды, ешқайда кетпеу туралы қолхат беруді заңсыз қолдану, қамауға алу немесе түзеу жұмыстары түрінде әкімшілік жазаға заңсыз тарту, психиатриялық немесе басқа емдеу мекемесіне заңсыз орналастыру нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу бойынша сот актілерін мемлекеттік қазына есебінен орындау Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге а с ы р ы л а д ы . » ;

3) 7-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Заңда көзделген жағдайларда атқарушылық құжаттарды орындау құқық қорғау органдары және өзге мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жәрдемдесуімен жүзеге а с ы р ы л а д ы . » ;

4) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

«7-1-бап. Сот орындаушысы талаптарының міндеттілігі

1. Сот орындаушысының заңды талаптары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, азаматтар мен ұйымдар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға тиіс.

2. Сот орындаушысының заңды талаптары орындалмаған жағдайда ол осы Заңда көзделген шараларды қолданады.

3. Сот орындаушысының заңды талаптарын орындамау, сондай-ақ сот орындаушысының сот актілерін, басқа органдар мен лауазымды адамдардың актілерін орындау жөніндегі функцияларын жүзеге асыруына кедергі келтіру Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке әкеп соқтырады.»;

5) 9-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) жеке сот орындаушысының өзі жасаған атқарушылық әрекетінің төлемі үшін сомаларды бекіту туралы қаулысы;»;

6) 11-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:  
«1-1. Осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген құжаттарды қоспағанда, атқарушылық құжаттар заңды күшіне енгеннен кейін күнтізбелік 15 күннен соң мәжбүрлеп орындатуға берілуі мүмкін.»;

7) 14-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«4) атқарушылық құжатта қамтылған талаптарды орындауға жәрдемдесетін өзге адамдар (оның ішінде ішкі істер органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың қызметкерлері, аудармашы, куәгерлер, маман, сот орындаушысы тыйым салынған мүлікті күзетуге немесе сақтауға берген адам) атқарушылық іс жүргізуге қатысушылар б о л ы п т а н ы л а д ы . » ;

8) 16-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:  
«Борышкер атқарушылық іс жүргізу кезеңінде жұмыс орнының, тұратын жерінің өзгергені, сондай-ақ жаңа кіріс көздерінің және мүлкінің пайда болғаны туралы көрсетілген мән-жайлар туындаған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде сот орындаушысына жазбаша хабарлауға міндетті.»;

9) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«17-бап. Атқарушылық іс жүргізудегі құқықтық мирасқорлық

1. Борышкер қатардан шыққан (азамат қайтыс болған, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, борыш ауысқан) жағдайда мемлекет кірісіне өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар бойынша мемлекеттік сот орындаушысы, жеке сот орындаушысы шешім шығарған сотқа борышкерді оның құқықтық мирасқорымен алмастыру туралы ұйғарым шығару туралы ұсыныс жібереді. Ұсыныс сот орындаушысына борышкердің құқықтық мирасқорлығы туралы мәлім болған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде жіберіледі. Құқықтық мирасқор үшін ол атқарушылық іс жүргізуге кіріскенге дейін жасалған барлық іс-қимыл борышкер үшін қалай міндетті болса, сондай дәрежеде міндетті болады.

2. Өзге жағдайлардың бәрінде құқықтық мирасқорлық өндіріп алушының өтініші б о й ы н ш а б е л г і л е н е д і . » ;

10) 20-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:  
«2. Судьялар, прокурорлар, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, өкілді органдардың депутаттары, уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының қызметкерлері, сондай-ақ олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) атқарушылық іс жүргізуге тиісті ұйымдардың уәкілдері немесе заңды өкілдері ретінде қатысқан жағдайлардан басқа, олар атқарушылық іс жүргізуде өкіл бола алмайды. Егер мүдделері өкілдік берушінің мүдделеріне қайшы келетін адамдарға осы іс бойынша заң көмегін көрсетіп жатса немесе бұрын көрсеткен болса, сондай-ақ егер ол сот орындаушысының жұбайы (

зайыбы) немесе жақын туысы болып табылса, ол адам өкіл бола алмайды.»;

11) 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«26-бап. Сот орындаушыларының ішкі істер органдарымен  
ө з а р а і с - қ и м ы л ж а с а у ы

1. Атқарушылық іс жүргізу барысында сот орындаушысының өміріне немесе денсаулығына қауіп төнген жағдайда, ішкі істер органдары өздеріне заңмен берілген өкілеттіктер шегінде сот орындаушыларына жәрдем көрсетеді, сондай-ақ атқарушылық әрекет жасалатын орындарда құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге тартылады.»;

12) 28-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Егер ұйым (заңды тұлға) әрекет етпеген және (немесе) басқару органы аппаратының қызметкерлері болмаған жағдайда, ұйымның (заңды тұлғаның) шақыру қағазы немесе хабарламасы тікелей бірінші басшыға немесе бірінші басшының міндетін уақытша атқарушы адамға тапсырылады. Олар болмаған кезде шақыру қағазы немесе хабарлама бас бухгалтерге (бухгалтерге) тапсырылады. Заңды тұлғаның басқару органы болмаған кезде, шақыру қағазы немесе хабарлама заңды тұлға құрылтайшыларының біріне тапсырылады.»;

13) 29-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«29-бап. Атқарушылық іс жүргізу кезінде мекенжайдың өзгеруі

Атқарушылық іс жүргізудің тараптары атқарушылық іс жүргізу кезінде өз мекенжайының өзгергені туралы сот орындаушысына үш жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлауға міндетті. Мұндай хабарлау болмаған кезде шақыру қағазы немесе хабарлама сот орындаушысына белгілі соңғы мекенжайға жіберіледі және егер адресат бұл мекенжай бойынша енді тұрмайтын немесе болмайтын жағдайда да жеткізілді деп е с е п т е л е д і . » ;

1 4 ) 3 0 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Адресат, сондай-ақ осы Заңның 28-бабында көрсетілген адамдар шақыру қағазын немесе хабарламаны қабылдаудан бас тартқан кезде оларды жеткізуші адам оларға тиісті белгі қояды, одан кейін шақыру қағазы немесе хабарлама аумақтық органға (аумақтық органның бөліміне) немесе жеке сот орындаушысының кеңсесіне қ а й т а р ы л а д ы . » ;

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) шақыру қағазы немесе хабарлама онымен бірге тұратын кәмелетке толған жақын туыстарының біріне тапсырылса не соңғылары шақыру қағазын немесе хабарламаны алудан бас тартса, хабарланды деп есептеледі.»;

15) 31-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«31-бап. Мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану негіздері  
Сот орындаушысы өзінің іс жүргізуіне қабылдаған атқарушылық құжат мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану үшін негіз болып табылады.»;



2-тармақ мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) заңды тұлға органдарына шешімдер қабылдауға тыйым салу, сол сияқты заңды тұлғаның жылжымалы және жылжымайтын мүлкін, мүліктік және мүліктік емес құқықтарын, акциялар мен жарғылық капиталдағы үлестерін және заңды тұлғаның мүлкін иеліктен айыру бойынша қабылданған шешімдердің қолданылуын тоқтата тұру;»

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру, мерзімін жылжыту немесе ұзарту атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде бұрын белгіленген шаралардың күшін жоюға әкеп соқпайды.»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Борышкер атқарушылық құжатта қамтылған талаптарды дәлелсіз себептермен белгіленген мерзімде орындамаған кезде сот орындаушысы борышкердің Қазақстан Республикасынан шығуына уақытша шек қою туралы қаулы шығарады.

Борышкердің Қазақстан Республикасынан шығуына уақытша шек қою туралы сот орындаушысының қаулысын сот Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен санкциялауға тиіс.»;

3 - тармақ алып тасталсын;

18) 35-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«35-бап. Борышкердің өзінің мүліктік жағдайы туралы ақпарат беруі

1. Борышкер сот орындаушысының талабы бойынша оған өзінде бар мүлік туралы ақпарат беруге, сондай-ақ табыс көздері туралы мәліметтерді хабарлауға міндетті. Ақпарат беру нысанын уәкілетті орган бекітеді.

2. Берілетін ақпаратта борышкер өзіне тиесілі барлық мүліктік талаптардың негіздерін де көрсетуге міндетті.

3. Осы бапта көрсетілген мәліметтерді беруден бас тарту не көрінеу жалған мәліметтер беру атқарушылық құжатты орындамау болып табылады.»;

19) 36-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Борышкерлер тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді сот орындаушылары атқарушылық іс жүргізу қозғалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жібереді.»;

20) 37-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Сот, басқа орган (лауазымды адам) атқарушылық құжатты сот орындаушысына жіберген жағдайларда сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуді өндіріп алушының өтінішінсіз қозғайды. Жеке сот орындаушысына өндіріп алушысы мемлекет болып табылатын атқарушылық құжаттарды мүдделі мемлекеттік органдар жібереді.

4. Сот орындаушысы заңда белгіленген талаптарға сәйкес келетін атқарушылық

құжат өзіне келіп түскеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей атқарушылық іс жүргізуді қозғайды, бұл туралы қаулы шығарады.

Сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуді қозғаумен бір мезгілде осы Заңда көзделген атқарушылық құжаттарды орындауды қамтамасыз ету шараларын қ а б ы л д а й д ы . » ;

2 1 ) 3 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сот орындаушысы өзіне атқарушылық құжат түскен күннен бастап үш жұмыс күні і ш і н д е , е г е р : » ;

мынадай мазмұндағы 6-1), 6-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«6-1) атқарушылық құжатқа заңды күшіне енгені туралы белгісі, судьяның қолы және соттың мөрі бар сот актісінің көшірмесі қоса берілмесе;

6-2) уәкілетті органдардың Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексінің 709-1-бабында көзделген мәліметтер мен құжаттарды ұ с ы н б а с а ; » ;

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы баптың 1-тармағының 1) - 4), 6) - 9) тармақшаларында көзделген мән-жайларды жою атқарушылық құжатты сот орындаушысына осы Заңда белгіленген тәртіппен қайта жіберуге (ұсынуға) кедергі болмайды.»;

22) 39-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Осы Заңда көзделген негіздер бойынша атқарушылық құжаттарды орындау тоқтатыла тұрған, мерзімі жылжытылған не ұзартылған уақыт атқарушылық іс жүргізу м е р з і м і н е к і р м е й д і . » ;

23) 40-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«40-бап. Орындау мерзімін жылжыту, ұзарту, тәсілі мен тәртібін өзгерту, берілген сомаларды индекстеу

Атқарушылық әрекет жасауды қиындататын немесе оның мүмкіндігін жоққа шығаратын мән-жайлар болған кезде өндіріп алушы немесе борышкер не сот орындаушысы істі қараған сот алдына немесе орындалатын жердегі сот алдына орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту туралы мәселе қоюға құқылы.

Орындау мерзімін жылжыту немесе ұзарту туралы, сондай-ақ берілген сомаларды индекстеу туралы мәселені атқарушылық іс жүргізу тараптарының өтініші бойынша с о т ш е ш е д і . » ;

24) 41-бап алып тасталсын;

25) 42-баптың бірінші бөлігінде:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) борышкер болып табылатын заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе заңнамада белгіленген тәртіппен дәрменсіздік (банкроттық) туралы іс жүргізуді қозғау

туралы шешім қабылданған, заңды тұлғаның меншік иесі немесе меншік иесі уәкілеттік берген орган, дара кәсіпкер тарату туралы шешім қабылдаған, сот мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдаған, борышкерге қатысты сот сыртқы бақылау рәсіміне шешім қабылдаған;»;

4) тармақша алып тасталсын;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«б) атқарушылық құжатты беруге негіз болған шешімнің орындалуын тоқтата тұру туралы сот қаулы шығарған, сондай-ақ сот орындалуын белгілі бір мерзімге жылжытқан, ұзартқан;»;

мынадай мазмұндағы 11-1), 11-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«11-1) атқарушылық іс жүргізуді борышкердің қатысуынсыз жүзеге асыру мүмкін болмайтын жағдайда, ол бір айдан астам мерзімде уақытша болмаған (борышкер емдеу мекемесінде, қызметтік іссапарда, елді мекеннен тысқары жерде, оның ішінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында мерзімді әскери қызмет өткеруіне байланысты жүрген);

11-2) өндіріп алушы атқарушылық әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті соманы ағымдағы шотқа сот орындаушысы белгілеген мерзімде енгізбеген;»;

12) тармақша алып тасталсын;

26) 43-бап алып тасталсын;

27) 45-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Борышкердің жүрген жері белгісіз болған кезде сот орындаушысы ішкі істер немесе қаржы полициясы органдары арқылы борышкерге іздеу салуды жариялау туралы ұсыныспен атқарушылық құжат орындалатын жердегі сотқа жүгінуге міндетті. Борышкерге іздеу салу жарияланған және оның өндіріп алуды қолдануға болатын мүлкі болмаған кезде атқарушылық құжаттың түпнұсқасы өндіріп алушыға қайтарылады, ол оны борышкердің жүрген жері белгілі болған немесе оның мүлкі анықталған кезде мәжбүрлеп орындатуға ұсынуға құқылы.»;

28) 47-бапта:

1-тармақта:

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«б) құқықтық мирасқоры болмаған кезде өндіріп алушы немесе борышкер болып табылған заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді тарату аяқталса не атқарушылық құжат борышкер болып табылатын заңды тұлғаның конкурстық басқарушысына, оңалтуды басқарушысына немесе тарату комиссиясына орындау үшін жіберілсе;»;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) егер мүлікті тәркілеу туралы атқарушылық құжатты орындау барысында борышкердің мүлкі, оның ішінде ақшасы, бағалы қағаздары немесе кірісі жоқ болса және оның мүлкін немесе кірісін анықтау бойынша сот орындаушысы қабылдаған, заңда көзделген шаралардың бәрі нәтиже бермесе;»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Атқарушылық іс жүргізу тоқтатылған жағдайларда бұл туралы сот орындаушысы бір тәуліктің ішінде қаулы шығарады. Атқарушылық құжатты не оның тиісті белгісі бар көшірмесін мемлекеттік сот орындаушысы сотқа немесе құжатты берген басқа органға, ал жеке сот орындаушысы - өндіріп алушыға жібереді. Сонымен бір мезгілде орындауды қамтамасыз ету шараларының күші жойылуға тиіс. Осы баптың 1-тармағының 7) тармақшасы негізінде тоқтатылған, орындалғаннан кейін атқарушылық санкциясы, орындау жөніндегі шығыстар, өсімпұл мен жеке сот орындаушысының қызметіне төлем сомасы өндіріп алынуға тиіс атқарушылық құжаттар бойынша орындауды қамтамасыз ету шараларының күші олар өндіріліп алынғаннан кейін ғана жойылуға тиіс. Атқарушылық құжатты орындауға ұсыну мерзімін сот қалпына келтірген не сот орындаушысының іс жүргізу тоқтатылған атқарушылық құжатты орындау жөніндегі іс-қимылы заңсыз деп танылған жағдайларды қоспағанда, тоқтатылған атқарушылық іс жүргізуді қайта бастауға б о л м а й д ы . » ;

2 9 ) 4 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақша алып тасталсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мүлкін тәркілеу туралы атқарушылық құжатты қоспағанда, егер борышкердің өндіріп алуды қолдануға болатын мүлкі, оның ішінде ақшасы, бағалы қағаздары немесе кірісі жоқ болса және оның мүлкін немесе кірісін анықтау бойынша сот орындаушысы қабылдаған, заңда көзделген шаралардың бәрі нәтиже бермесе;»;

мынадай мазмұндағы 7-1), 7-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«7-1) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, атқарушылық құжатты орындау кезінде борышкер қатардан шыққан (азамат қайтыс болған, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, борыш ауысқан) жағдайда сот орындаушысы өндіріп алушыға құқықтық мирасқорды белгілеу және борышкерді алмастыру туралы талаппен сотқа жүгіну құқығы туралы түсіндіре отырып, атқарушылық құжатты орындамай қайтарады ;

7-2) алименттік төлемдерді борышкердің жалақысынан немесе өзге кірісінен ұстауға жіберілген кезде;» ;

30) 50-баптың 1-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

31) 51-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«51-бап. Орындалуға тиісті атқарушылық құжатты түсіндіру

Атқарушылық құжат немесе оны орындау тәртібі түсініксіз болған жағдайда оны орындау үшін алған сот орындаушысы, сондай-ақ өндіріп алушы немесе борышкер атқарушылық құжатты беруге негіз болған шешімді немесе өзге де актіні түсіндіру үшін сотқа немесе атқарушылық құжатты берген органға жүгінуге құқылы.»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Атқарушылық құжат ұсынылған жері бойынша, сондай-ақ борышкер-жеке тұлғаның мүлкі тұрған жер бойынша атқарушылық әрекет жүзеге асырыла отырып, оның тіркелген жері бойынша не оның тұрғылықты жері бойынша не оның жұмыс орны бойынша ұсынылады.

Егер борышкер заңды тұлға болып табылса, онда атқарушылық құжат ұсынылған, сондай-ақ оның мүлкі тұрған жер бойынша атқарушылық әрекет жүзеге асырыла отырып, тіркелген жері не оның органының (құрылтайшысының) нақты орналасқан жері бойынша ұсынылады.

Атқарушылық әрекет жасалған жерде сот орындаушысы дыбыс-, фото-, бейне тіркеуді пайдаланады, ол туралы іс жүргізу құжатында\* белгі жасала отырып, алынған материал кейін атқарушылық іс жүргізуге тігіліп қойылады.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Егер атқарушылық іс жүргізуді орындау процесінде борышкердің атқарушылық құжат ұсынылған мекенжай бойынша емес, басқа әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында екені анықталса, мемлекеттік сот орындаушысы дереу бұл туралы қаулы шығарады және ол шығарылғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей атқарушылық құжат пен атқарушылық іс жүргізудің бүкіл материалдарының көшірмелерін борышкердің жаңа тұрғылықты жері немесе нақты тұратын жері, оның жаңа жұмыс орны, борышкер-заңды тұлғаның жаңа орналасқан жері бойынша мемлекеттік сот орындаушысына жіберіп, бұл туралы өндіріп алушыға хабарлайды. Атқарушылық құжаттың көшірмесі атқарушылық іс жүргізуде қалады.»;

33) 54-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Егер сот орындаушысы, жеке сот орындаушысының көмекшісі, аудармашы, маман атқарушылық іс жүргізудің нәтижесіне жеке өзі, тікелей немесе жанама түрде мүдделі болса немесе өзге де мән-жайлар, атап айтқанда, тараптармен, олардың өкілдерімен әділдігі күмән туғызатындай туыстық қатынастары орын алса, олардың атқарушылық іс жүргізуге қатысуына болмайды және олар шеттетілуге тиіс.»;

34) 55-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Борышкерде берешекті өтеу үшін жеткілікті ақша сомасы болмаған кезде өндіріп алу борышкерге тиесілі басқа мүлікке қолданылады. Сот орындаушысы өндіріп алушының немесе бір кезектегі өндіріп алушылардың және борышкердің жазбаша келісімімен мүлікті алдын ала бағалап, оны өткізбей сол қалпында беруге құқылы.»;

35) 57-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Борышкерде кепілге салынбаған мүлкі жеткіліксіз болған кезде борышкердің мүлкіне кепіл құқығы жоқ өндіріп алушылардың талаптарын қанағаттандыру үшін қамтамасыз етілген облигациялар бойынша қамтамасыз ету болып табылатын мүлікті және ипотекалық тұрғын үй қарызының міндеттемесі бойынша қамтамасыз ету болып

табылатын жылжымайтын мүлікті қоспағанда, кепілге салынған мүлік сот ұйғарымы негізінде талаптары кепіл ұстаушының талаптарынан басым болатын кепіл ұстаушылар болып табылмайтын өндіріп алушылардың мүдделеріне өндіріп алынуы мүмкін. Өндіріп алуды кепілге салынған мүлікке қолдану туралы сот ұйғарымы кепіл ұстаушыға өндіріп алушы және борышкерді сот отырысының уақыты мен орны туралы хабардар ете отырып, сот орындаушысының өтініші бойынша сот отырысына шығарылады. Мүлікті өткізу кепілге салынған мүлікті өткізу қағидалары бойынша жүзеге асырылады. Бұл жағдайда талаптар осы Заңның 110 - 112-баптарында белгіленген кезектілік тәртібімен өткізілген мүліктің құнынан қанағаттандырылады.»;

3 6 ) 6 2 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сот орындаушысы атқарушылық құжатты орындауды қамтамасыз ету мақсатында борышкер мүлкіне, оның ішінде заңда көзделген жағдайларда соттың санкциясы бойынша тыйым салуға құқылы. Бұл ретте сот орындаушысы өндіріп алуды борышкердің мүлкіне қолданудың кезектілік қағидаларын қолданбауға құқылы.»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы ақшаға және басқа да мүлікке тыйым салу туралы сот орындаушының қаулысында ақшаның тыйым салынатын сомасы көрсетіледі.»;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Егер инкассалық өкім негізінде ақшаны өндіріп алу толық көлемде жүргізілген жағдайда, инкассалық өкім орындалған атқарушылық іс жүргізу шеңберінде бұдан бұрынғы тыйым салу алып тасталды деп есептеледі, ал тыйым салу туралы қаулы оның бастамашысына қайтарылуға тиіс.»;

37) 67-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Тізімдеме және тыйым салу хаттамасының нысанын уәкілетті орган бекітеді.»;

38) 68-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер жекелеген заттарды бағалау қиын болса не борышкер немесе өндіріп алушы сот орындаушысы жүргізген бағалауға қарсы болса, сот орындаушысы мүліктің құнын айқындау үшін маман тағайындайды. Атқарушылық іс жүргізудің маманның бағалауымен келіспейтін тарапы күнтізбелік он күн ішінде азаматтық іс жүргізу заңнамасында сот орындаушысының іс-қимылына шағымдану үшін белгіленген тәртіппен оған дау айтуға құқылы.»;

39) 72-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) бірінші кезекте борышкердің іс жүргізуге тікелей қатыспайтын мүлкі, оның ішінде бағалы қағаздар, валюталық құндылықтар, бағалы металдар мен асыл тастар, зергерлік бұйымдар, көлік құралдары өткізіледі.»;

40) 74-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тыйым салу негіздері мен мүлік түрлеріне қарамастан, айналымнан заң

бойынша алып қойылған мүліктен басқа, тыйым салынған мүлікті өткізуді сот орындаушысы комиссиялық негіздегі сауда ұйымдары арқылы, сондай-ақ аукцион нысанындағы сауда-саттықта жүргізеді. Аукцион нысанындағы сауда-саттықты жеке сот орындаушысы және мемлекеттік сот орындаушысы мамандандырылған сауда ұйымы арқылы жүргізеді.

2. Мүлікті өткізу нысанын таңдауды сот орындаушысы мүлік түрін ескере отырып айқындайды. Жылжымайтын мүлікті қоспағанда, құны үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мүлік комиссиялық негізде өткізіледі.»;

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Борышкердің мүлікті өткізуге рұқсат алуы атқарушылық әрекетті, оның ішінде атқарушылық іс жүргізу шеңберінде мүлікті сауда-саттыққа шығару жөніндегі іс-қимылды жүзеге асырмауы үшін негіз болып табылмайды. Мүлікке тыйым салу борышкер мен сатып алушы сатып алу-сату шартына қол қойғаннан және сатып алушы мүліктің бүкіл сатып алу құнын аумақтық органның қолма-қол ақшаны бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына енгізгеннен кейін ғана алып тасталады.»;

41) мынадай мазмұндағы 74-1-баппен толықтырылсын:

«74-1-бап. Жеке сот орындаушысының тыйым салынған мүлікті өткізуді есепке алуы

Жеке сот орындаушысы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүйелі түрде ақпарат бере отырып, сақтауда тұрған немесе өткізілген (өткізуге жататын) тыйым салынған мүлікті есепке алуды қамтамасыз етеді.»;

42) 77 - бапта :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Борышкердің тыйым салынған мүлкін өткізу, осы Заңның 75 және 76-баптарында көрсетілгенін қоспағанда, аукцион нысанындағы сауда-саттықта, сондай-ақ комиссия шарты негізінде сауда ұйымдары арқылы сату жолымен жүзеге асырылады.»;

7 - тармақ алып тасталсын ;

43) 79-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Борышкердің мүлкі аукционда өткізілетін кезде сауда-саттықты ұйымдастырушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын, ресми хабарларды жариялауға құқығы бар мерзімді баспасөз басылымдарында аукцион өткізілгенге дейін кемінде он күн бұрын қазақ және орыс тілдерінде алдағы аукцион туралы хабарлайды. Кепілге салынған мүліктің аукцион нысанындағы сауда-саттықта сатылатын уақыты мен орны туралы сот орындаушысы кепіл ұстаушыға хабарлайды.

2. Борышкердің мүлкі аукционда өткізілген кезде сауда-саттықты ұйымдастырушы мүліктің тізімін өзінің интернет-ресурсында жариялайды.»;

44) 80 және 81-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«80-бап. Аукцион өткізудің жалпы шарттары

1. Аукционға қатысуға ниет білдіруші адамдар аукционға қатысуға өтінім жәнешлайдың оған қатысуына бөгет жоқ екендігі туралы қолхат беруге және өндіріп алушыны қоспағанда, аумақтық органның қолма-қол ақшаны бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына мүліктің бастапқы құнының бес пайызы мөлшерінде кепілдік жарна енгізуге міндетті. Сауда-саттықты ұйымдастырушының аукционға қатысуға өтінімдер қабылдауы аукцион басталғанға дейін бір тәулік бұрын аяқталады.

Аукционда ұтқан адам енгізген сома сатып алу бағасының шотына есептеледі. Аукционның қалған қатысушылары енгізген кепілдік жарна оларға аукцион аяқталғаннан кейін бес күн ішінде қайтарылады.

2. Аукционға сот орындаушылары мен осы атқарушылық іс жүргізу бойынша шешім шығарған судьялар, тыйым салынған мүлікті бағалаған бағалаушы, сондай-ақ олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), борышкер қатыса алмайды.

#### 81-бап. Аукцион өткізудің тәртібі

1. Аукцион басталар алдында қатысушылар сауда-саттықты ұйымдастырушыға жеке тұлға үшін жеке басын куәландыратын құжаттарды не заңды тұлғаны тіркеу туралы куәлікті және өкілдің сенімхатын ұсынады. Бұл құжаттардың көшірмелері атқарушылық іс жүргізу материалдарына тігіліп қойылады.

2. Аукцион басталғанда сауда-саттықты ұйымдастырушы сатылатын мүліктің атауын, бастапқы бағасын және бағаны өзгертудің мүліктің бастапқы құнының бір пайызынан кем болмайтын адымын жариялайды.

Бұдан кейін сауда-саттықты ұйымдастырушы аукционға қатысушылардан мүліктің бастапқы бағасына қарағанда көп құнды төлеуге кімнің дайын екендігін айқындайды.

3. Аукцион тыйым салу туралы қаулыда көрсетілген мүліктің бағалау құнынан басталады. Сатып алу бағасын ұлғайту қатысушының өзіне берілген тіркеу нөмірі бар карточканы көтеруі арқылы жүзеге асырылады. Қатысушылар жалғыз жеңімпаз қалғанға дейін бағаны адымдық ұлғайтуды ұсынады.

4. Мүліктің құнын өсіргеннен кейін сауда-саттықты ұйымдастырушы мүлік құнының өскені туралы хабарлайды және аукционды өткізу хаттамасына бағаны көтерген қатысушының деректерін көрсете отырып, тиісті жазба енгізеді.

5. Аукционның нысанасы қатысушылардың бірі ұсынған және сауда-саттықты ұйымдастырушы үш рет қатарынан жариялаған соңғы баға бойынша сатылды деп есептеледі. Сауда-саттықты ұйымдастырушы бағаны үш рет жариялағаннан кейін аукционға басқа қатысушылардан оны көтеруге ұсыныстар түспесе, ең жоғары баға ұсынған қатысушы аукцион жеңімпазы болады.

6. Мүлік аукционда ең жоғары бағаны ұсынған адамға сатылған болып есептеледі. Сатып алушы аукцион аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде аукцион басталар алдында енгізілген кепілдік жарнаны есепке жаза отырып, өзі сатып алған мүлік үшін толық соманы енгізуге міндетті, өндіріп алушы сауда-саттық жеңімпазы болып



жарияланған кезде өндіріп алушы борыш сомасы мен сатылған мүліктің құны арасындағы айырманы енгізеді. Сатып алушы сатып алудың бүкіл сомасын белгіленген мерзімде енгізбеген кезде аукцион басталар алдында енгізілген кепілдік жарна оған қайтарылмайды және мемлекет кірісіне немесе жеке сот орындаушысының кірісіне түседі. Егер сатып алушының аукционға қатысуға құқығы болмағаны не тіркеу карточкасын көтермегені белгілі болған жағдайда да кепілдік жарна қайтарылмайды.

7. Егер аукционда мүлікті сатып алушы осы баптың 6-тармағында көрсетілген мерзім ішінде сатып алу бағасын енгізбеген жағдайда, сауда-саттықты ұйымдастырушы үш жұмыс күні ішінде аукцион жеңімпазынан кейін ең жоғары баға ұсынған аукционның келесі қатысушысына мүлікті жеңімпаз ұсынған бағадан бір алым төмен баға бойынша өзінің сатып алуы туралы өтініш беру құқығы туралы хабарлайды. Аукционның аталған қатысушысы мұндай өтінішін хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сауда-саттықты ұйымдастырушыға беруге құқылы. Сатып алу бағасын аукционның аталған қатысушысы сауда-саттықты ұйымдастырушының, жеке сот орындаушысының хабарламасын алғаннан кейін бес күн ішінде енгізеді.

8. Егер сатылған мүліктен түскен түсім өндіріп алушының талаптарын қанағаттандыру, мәжбүрлеп орындату, атқарушылық санкция жөніндегі шығыстарды төлеу және жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу үшін жеткілікті сомаға жететін болса, сауда-саттықты ұйымдастырушы аукционды тоқтатады.»;

4 5 ) 8 2 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сауда-саттықты ұйымдастырушы мынадай мәліметтерді:»;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мүлікті сауда-саттыққа шығаратын сатушының тегін, атын және әкесінің атын;»

;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) сауда-саттықты ұйымдастырушының, сот орындаушысының, мүлікті сатып алушының, сатып алушыдан кейін екінші бағаны ұсынған аукционға қатысушының, сондай-ақ егер олар қатысқан болса, өндіріп алушы мен борышкердің қойылған қолдарын қамтитын аукционның өткізілу хаттамасын жасайды.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Аукционның өткізілу хаттамасының бір данасы сауда-саттық жеңімпазына тапсырылады, хаттаманың екінші данасы атқарушылық құжат іс жүргізудегі сот орындаушысында қалады.»;

4 6 ) 8 4 - б а п т а :

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) өтінімдер болмаса немесе сауда-саттыққа қатысуға тек бір ғана өтінім берілсе не аукционға екеуден аз сатып алушы келсе;»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Егер аукцион өткізілмесе, осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, кепілдік жарнасы оны енгізген адамдарға қайтарылады.» ;

47) 85-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«85-бап. Аукционды өткізілмеді деп жариялау салдары

1. Аукцион өткізілмеді деп жарияланған жағдайда өндіріп алушыға мүлікті бастапқы құны бойынша өзінде қалдыру құқығы беріледі. Бас тартылған жағдайда қайталама сауда-саттыққа қатысу құқығы беріледі.

2. Аукцион өткізілмеді деп танылған және өндіріп алушы мүлікті өзінде қалдырудан бас тартқан жағдайларда сот орындаушысы осы Заңда белгіленген қағидаларды және мерзімдерді сақтай отырып, қайталама аукцион тағайындайды. Бұл ретте өткізілетін мүліктің бастапқы бағасы қатысушылардың біреуі аукционға шығарылған мүлік құнының бастапқы бағасының елу пайызынан төмен болмауға тиіс жарияланған бағамен мүлікті сатып алуға келіскен кезге дейін жарияланған алыммен төмендетіле береді.

3. Қайталама аукцион өткізілмеді деп жарияланған жағдайда мүлік борышкерге қайтарылады, бұл ретте мұндай мүлікке тыйым салу осы Заңның 47-бабында көзделген негіздер бойынша атқарушылық іс жүргізу тоқтатылғаннан кейін ғана алып тасталады.» ;

48) 86-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Өндіріп алуды дебиторлық берешекке қолдану үшін сот орындаушысы өндіріп алуды дебиторлық берешекке қолдану туралы қаулы шығарады, онда дебитордың ақшаны аумақтық органның қолма-қол ақшаны бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына енгізу (аудару) тәртібін көрсетеді.

Дебиторлық берешекке өндіріп алуды қолдану туралы қаулы дебиторға және атқарушылық іс жүргізу тараптарына жіберіледі.

5. Сот орындаушысының қаулысы дебиторды қаулыда көрсетілген аумақтық органның қолма-қол ақшаны бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына ақша енгізу (аудару) арқылы тиісті міндеттемені орындауға міндеттейді, сондай-ақ борышкерге дебиторлық берешектің туындауына негіз болған құқықтық қатынастарды өзгертуге тыйым салады.» ;

49) 87 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Заңды тұлғалардың және заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардың дебиторлық берешегін анықтау үшін сот орындаушысы борышкерден, борышкердің контрагенті болып табылатын заңды тұлғалардан және кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғалардан қажетті бухгалтерлік құжаттаманы талап етуге құқылы.» ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Борышкер, салық органдары, заңды тұлғалар және заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғалар қажетті құжаттар мен ақпаратты сот орындаушысына үш жұмыс күні ішінде беруге міндетті.»;

50) 93-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мерзімдік төлемдерді өндіріп алу туралы шешімдерді орындау кезінде борышкердің жалақысынан және кірісінің өзге де түрлерінен өндіріп алу бір жүз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын соманы өндіріп алу кезінде, сондай-ақ өндіріп алынатын соманы толық өтеу үшін борышкердің мүлкі болмаған немесе мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда басқа да өндіріп алулар бойынша қолданылады.»;

51) 102-бап алып тасталсын;

52) 109-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«109-бап. Өндіріп алуға қосылу

Бір борышкерге қатысты қозғалған бірнеше атқарушылық іс жүргізуді, сондай-ақ ортақ өндіріп алу бойынша бірнеше борышкерге қатысты қозғалған атқарушылық іс жүргізуді сот орындаушысы өндіріп алуға қосуы мүмкін.»;

53) 118-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«118-бап. Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау қағидалары

1. Атқарушылық әрекет жасағаны үшін жеке сот орындаушысы тарифтерінің мөлшері айлық есептік көрсеткіштермен белгіленеді.

2. Атқарушылық іс жүргізу аяқталғаннан кейін төленетін жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу сомасы өндіріп алынған соманың немесе мүлік құнының 3 пайызынан 25 пайызына дейінгі немесе мүліктік емес сипаттағы атқарушылық құжаттар бойынша жеке тұлғалардан он айлық есептік көрсеткіш және заңды тұлғалардан жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленеді.

Бұл сома атқарушылық құжат толық немесе ішінара орындалған жағдайда ғана төленеді. Егер ақшалай сипаттағы атқарушылық құжат ішінара орындалса, онда жеке сот орындаушысы өндіріп алынған сомаға барабар сыйақы бөлігін ғана өндіріп алады.

3. Жеке сот орындаушысы өзі көрсеткен қызметтеріне ақы төлеу сомасын нормативтік құқықтық актілерде белгіленген мөлшерде және тәртіппен өндіріп алуға құқылы. Жеке сот орындаушысына өз қызметіне ақы төлеу сомасының белгіленген мөлшерін өзгертуге тыйым салынады.

4. Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу сомаларының тарифтері мен мөлшерін уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі б е к і т е д і . » ;

54) 119-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) мемлекет пайдасына өндіріп алу бойынша мемлекеттік органдар;»;

5 5 ) 1 2 0 - б а п т а :

2 - тармақ алып тасталсын ;

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер борышкер көрсетілген қаулыдағы жүргізілген есептеуге сәйкес соманы ерікті түрде төлемеген жағдайда жеке сот орындаушысы берешекті борышкерден мәжбүрлеу тәртібімен өндіріп алады.» ;

56) 123-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Борышкерлерден өндіріп алынған, аумақтық органдардың қолма-қол ақшаны бақылау шотында, жеке сот орындаушысының ағымдағы шоттарында сақталатын талап етілмеген ақшалай қаражат және мүдделі тұлғаларға арналған басқа да сомалар, оның ішінде шығыстарды өтеу бойынша аванс сомалары қолма-қол ақшаны бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шоттарына аударылған кезден бастап бес жыл өткеннен кейін уәкілетті органның ұсынысы бойынша сот актісі негізінде республикалық бюджетке аударылады.» ;

57) 124-баптың 1-тармағының үшінші бөлігінің 1) тармақшасы алып тасталсын;

5 8 ) 1 2 5 - б а п т а :

баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«125-бап. Борышкердің атқарушылық құжаттарды орындамағаны үшін жауапкершілігі және оның салдары» ;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Борышкер атқарушылық құжаттың мүлдітік сипаттағы талаптарын орындамаған жағдайда, сот орындаушысы борышкерден атқарушылық іс жүргізу қозғалған кезден бастап әрбір өткен күн үшін өндіріп алушының кірісіне өндіріп алу сомасының немесе беруге жататын мүлік құнының 0,1 пайызы мөлшерінде өсімпұл өндіріп алу туралы ұсыныспен сотқа жүгінеді.» ;

59) 126-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) атқарушылық әрекет жасау кезінде туындаған мәселелер бойынша, оның ішінде орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту, сондай-ақ атқарушылық құжаттар бойынша борышкерге іздеу салу тұрғысынан сотқа ұсыныстар енгізуге» ;

60) 134-бап мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1 әлеуметтік қорғау органдарына тоқсан сайын тұрақты жұмыс орны жоқ борышкер туралы мәліметтер жібереді» ;

61) 138-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жеке сот орындаушысының орындауына, мемлекеттен немесе дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы мемлекетке және олармен аффилиирлеген заңды тұлғаларға тиесілі заңды тұлғалардан өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды қоспағанда, осы Заңда көзделген атқарушылық құжаттардың бәрі қабылдануы мүмкін.» ;

6 2 ) 1 4 0 - б а п т а :

3 - тармақ алып тасталсын ;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Жеке сот орындаушысы өзінің лауазымдық міндеттерін өз атынан және өзінің жауапкершілігімен орындайды. Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу сомасына салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.» ;

6 3 ) 1 4 1 - б а п т а :

1-тармақтың 2) және 3) тармақшалары алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Уәкілетті орган емтихан өткізу рәсімін, біліктілік емтиханының емтихан сұрақтарын бекітеді.» ;

5 - тармақ алып тасталсын ;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Біліктілік комиссиясының ережесін уәкілетті орган бекітеді.»;

6 4 ) 1 4 2 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Біліктілік емтиханын тапсыруға жіберу үшін қажетті құжаттардың тізбесі уәкілетті орган бекітетін біліктілік емтихандары туралы ережеде белгіленеді. Сот орындаушысының лицензиясын берудің мерзімі мен тәртібі Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес белгіленеді.»;

6 - тармақ алып тасталсын ;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Тұрақты судьялар, өз міндеттерін орындау кезінде атына кір келтіретін теріс қылықтары және заңдылықты бұзғаны үшін судья қызметінен босатылған судьяларды қоспағанда, тұрақты судья болып жұмыс істеген адамдар не теріс себептермен босатылған адамдарды қоспағанда, атқарушылық іс жүргізу саласындағы уәкілетті органда және оның аумақтық органдарында кемінде үш жыл жұмыс істеген адамдар, прокуратура органдарында кемінде он жыл жұмыс өтілі бар құқық қорғау органдарының қызметкерлері тағылымдамадан өтпей және біліктілік емтиханын тапсырмай сот орындаушысы лицензиясын алуға құқылы.»;

6 5 ) 1 4 3 - б а п т а :

баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«143-бап. Атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияның қолданылуын тоқтата тұру» ;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияның қолданылуын тоқтата тұру тәртіптік комиссия шешімінің негізінде берілген уәкілетті органның талап-арызы бойынша сот шешімімен жүзеге асырылады.» ;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияның қолданылуы мынадай жағдайларда:»;

3) тармақша алып тасталсын;

6 6 ) 1 4 4 - б а п т а :

баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«144-бап. Атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияның қолданылуын тоқтату»;

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында көзделген жалпы негіздерден басқа, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияның қолданылуын тоқтату сот тәртібімен уәкілетті органның талап-арызы бойынша мынадай жағдайларда:»;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне залал келтіріп, Қазақстан Республикасының заңнамасын бірнеше рет бұзған;»

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) лицензияны беру үшін негіз болып табылған құжаттарда дәйексіз немесе қасақана бұрмаланған ақпарат беру фактісі анықталған;»;

4) және 5) тармақшалар алып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында көзделген жалпы негіздерден басқа, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияның қолданылуы уәкілетті органның шешімі бойынша:»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) сот жеке сот орындаушысын қайтыс болды деп жариялаған немесе хабарсыз кетті, банкрот болды деп таныған;»;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) тыйым салынған мүлікті сақтауды және өткізуді есепке алу деректерін уәкілетті органға ұсыну туралы талаптарды жеке сот орындаушысы жүйелі бұзған жағдайларда тоқтатылады.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияның қолданылуын тоқтату туралы ұсынысты уәкілетті органға прокуратура, жеке сот орындаушыларының тиісті өңірлік алқасы немесе аумақтық орган енгізеді.»;

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Егер жеке сот орындаушысына қатысты тәртіптік іс жүргізу қозғалған болса, онда атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі өкілеттіктер тәртіптік іс жүргізу тоқтатылғаннан бұрын өз өтініші бойынша тоқтатылуы мүмкін.

6. Атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияның қолданылуын тоқтату туралы уәкілетті органның шешіміне сотқа шағым берілуі мүмкін.»;

67) 145-бап алып тасталсын;

68) 146-баптың 6-тармағы алып тасталсын;

69) 148-бапта:

1-тармақта:

4) тармақша алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Жеке сот орындаушыларының кәсіптік ар-намыс кодексін сақтауға;»;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) уәкілетті органға және/немесе аумақтық органға уақтылы және тиісінше

ақпарат ұсынуға;»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жеке сот орындаушысы жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасына және аумақтық органға өз қызметі туралы ақпарат береді, оның нысаны мен мерзімін уәкілетті орган бекітеді.»;

70) 151-бап алып тасталсын;

71) 152-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«152-бап. Жеке сот орындаушысы қызметінің аумағы

Жеке сот орындаушысының қызметі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таралады.»;

72) 153-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жеке сот орындаушысы кеңсесінің орналасқан жері мен жабдықталуына қойылатын талаптарды уәкілетті орган Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасымен бірлесіп белгілейді.

3. Жеке сот орындаушыларының ортақ кеңсесі болуы мүмкін. Ортақ кеңсені ұстаған жағдайда әрбір жеке сот орындаушысы өз өкілеттіктерін өз атынан жүзеге асырады және оларды жасағаны үшін жеке жауаптылықта болады.»;

73) 154-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«154-бап. Жеке сот орындаушысының куәлігі, жеке мөрі, жетоны, мөртабандары және бланкілері

Жеке сот орындаушысының өзінің тегі, аты мен әкесінің аты, жеке сот орындаушылары өңірлік алқасының атауы, лицензиясының нөмірі көрсетілген куәлігі, жеке мөрі, сондай-ақ мөртабандары, жеке бланкілері мен жетоны болады. Куәліктің, жеке мөр мен жетонның үлгілерін уәкілетті орган бекітеді. Куәлікті, жеке мөрі мен

жетонды дайындауды және беруді жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасы ұйымдастырады.» ;

74) 156-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жоғары заңгерлік білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары сот орындаушысының тағылымдамашылары бола алады. Тағылымдамашылар сот орындаушысы болып кемінде үш жыл не жеке сот орындаушысы лауазымында кемінде алты ай еңбек өтілі бар жеке сот орындаушыларында тағылымдамадан өтеді.»;

75) «Жеке сот орындаушысын алмастыру» деген 4-параграф алып тасталсын;

76) 162-баптың 1-тармағының 10) тармақшасы алып тасталсын;

77) 167-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«167-бап. Жеке негіздегі сот актілерін орындау саласындағы уәкілетті органның құзыреті

1. Уәкілетті орган:

- 1) жеке сот орындаушыларын есептік тіркеу тәртібі туралы қағидаларды;
- 2) тәртіптік комиссия туралы ережені;
- 3) бір борышкерге қатысты атқарушылық іс жүргізуді атқарған кезде мемлекеттік және жеке сот орындаушысының өзара іс-қимыл жасау тәртібін;
- 4) біліктілік емтихандары туралы ережені;
- 5) біліктілік комиссиясы туралы ережені;
- 6) жеке сот орындаушыларының қызметін бақылауды жүзеге асыру тәртібін;
- 7) жеке сот орындаушысы кеңсесінің жабдықталуына қойылатын талаптарды;
- 8) жеке сот орындаушысында тағылымдамадан өту тәртібін;
- 9) іс жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді.

2. Уәкілетті орган:

- 1) өз құзыреті шегінде жеке сот орындаушыларының қызметін реттейді және бақылайды ;
- 2) жеке сот орындаушысына ақы төлеу сомаларының тарифтері мен мөлшерін әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады;
- 3) атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша әдістемелік, нұсқаулық және түсіндірмелік материалдарды әзірлейді;
- 4) жеке сот орындаушыларының қызметін лицензиялауды жүзеге асырады;
- 5) осы Заңның 144-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген негіздер бойынша жеке сот орындаушылары лицензияларының қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ жеке сот орындаушыларының лицензияларын тоқтата тұру және олардан айыру туралы сотқа талап-арыздар береді;
- 6) жеке сот орындаушыларын жария тізілімдерге және электрондық деректер базасына қосу туралы мемлекеттік органдармен шарттар жасасады;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.» ;



7 8 ) 1 6 8 - б а п т а :

2 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

3 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і а б з а ц м ы н а д а й р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

« 3 . А у м а қ т ы қ о р г а н : » ;

1 - т а р м а қ ш а а л ы п т а с т а л с ы н ;

м ы н а д а й м а з м ұ н д а ғ ы 4-1) т а р м а қ ш а м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«4-1) өткізілген сауда-саттық және жеке сот орындаушысы сауда-саттыққа шығаратын мүлік туралы ақпаратты жинауды жүзеге асырады;»;

79) 169-баптың 6-тармағы алып тасталсын;

80) 170-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) лауазымдық міндеттерінің орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына кінәлілігі, жеке сот орындаушысы үшін белгіленген ставкаларға сәйкес келмейтін тарифтер мен сыйақылар алуы, оның ішінде уәкілетті органға және/немесе аумақтық органға ақпарат бермеуі, тиісінше немесе уақтылы бермеуі;».

10. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8 , 6 4 - қ ұ ж а т ; № 1 4 , 9 5 - қ ұ ж а т ) :

211-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша түскен мүлікті одан әрі пайдалану, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, оны өткізу арқылы жүзеге асырылады.».

**2-бап.** Осы Заң оның алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*